

Шет ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 06/01 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 қыркүйектегі N 18/04 қаулысы. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қазанда N 8-17-103 тіркелді. Мерзімінің бітуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі N 8-4/474 хатымен)

Ескерту. Мерзімінің бітуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 2011.04.12. N 8-4/474 хатымен)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" N 148 Заңын басшылыққа ала отырып, Шет ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Шет ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі "1983-1992 жылы туған азаматтарды 2010 жылы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті әскери қызметке шақыру туралы" N 06/01 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізіміне N 8-17-97 болып тіркелген, "Шет Шұғыласы" газетінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі N 18 (10.273) санында жарияланған) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1) Аталған қаулының N 1 қосымшасындағы "Баданов Бауыржан Амангелдіұлы" деген сөздер "Сембек Қайыркұл Тлеуқабылұлы", "Жазыбаев Есенжол Серікұлы" деген сөздер "Карсембаев Қанат Тлеубергенович" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) Аталған қаулының N 3 қосымшасындағы "Жазыбаев Есенжол Серікұлы" деген сөздер "Карсембаев Қанат Тлеубергенович" деген сөздермен ауыстырылсын .

2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ю. Бекқожинге жүктелсін .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Шет ауданының әкімі Қ. Тілеубергенов

КЕЛІСІЛДІ:

Шет ауданының қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген бөлім бастығының

уақытша міндетін атқарушы
20 қыркүйек 2010 жыл

Қ. Жанзақов

Ш е т а у д а н ы н ы ң і ш к і і с т е р
бөлімінің бастығы
20 қыркүйек 2010 жыл

А. Қанафин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК